

## Машат ауылындағы "Октябрь" көшесін Мырзабаев Тәшімнің атына өзгерту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігі Машат ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі N 17 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 22 қыркүйекте N 14-14-120 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Машат ауылындағы «Октябрь» көшесі Мырзабаев Тәшімнің атына өзгертілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз құзыретіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Машат ауылдық округінің әкімі*

*М.Сарсепбаев*